

Карантиндік шектеу кезеңінде колледжде аралық және қорытынды аттестаттауды ұйымдастыру және өткізу бойынша әдістемелік ұсынымдар

1. Колледждердің білім алушыларын аралық және қорытынды аттестаттау **нормативтік құжаттарға** сәйкес жүзеге асырылады:

- Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 25 қыркүйектегі № 494 бұйрығымен өзгерістер енгізуімен «Орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдары үшін білім алушылардың үлгерімін ағымдағы бақылау, аралық және қорытынды мемлекеттік аттестаттау жүргізудің үлгі ережесін бекіту туралы» ҚР Білім және ғылым министрінің 2008 жылғы 18 наурыздағы № 125 бұйрығы,
- «Қашықтықтан білім беру технологиялары бойынша оқу процесін ұйымдастыру қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2015 жылғы 20 наурыздағы № 137 бұйрығы,
- 2015, 2016, 2019 жылғы ТЖКББ үлгілік оқу жоспарлары мен білім беру оқу бағдарламалары,
- «Пандемия кезеңінде білім беру ұйымдарында COVID-19 коронавирустық жұқпасының таралуына жол бермеу жөніндегі шараларды күшейту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 1 сәуірдегі № 123 бұйрығы,
- барысында ҚР Білім және ғылым министрлігінің 19.05.2020 жылғы № 5-13-2/1837 бұйрығымен бекітілген «Карантиндік шектеу кезеңінде техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарында аралық және қорытынды аттестаттауды ұйымдастыру және өткізу бойынша әдістемелік ұсынымдар».

2. Колледж оқушыларының аралық және қорытынды аттестаттауы колледждің **жергілікті құжаттары мен бұйрықтарына** сәйкес жүзеге асырылады:

- «Білім алушылардың үлгеріміне ағымдық бақылау, аралық және қорытынды аттестаттау жүргізу ережелері»,
- 2016, 2017, 2018, 2019 жылғы оқуға қабылдау бойынша жұмыс оқу жоспарлары мен бағдарламалары,
- 2019-2020 оқу жылының оқу процесінің кестесі,
- «Музыкалық колледжде аралық және қорытынды аттестаттауды ұйымдастыру және өткізу бойынша әдістемелік ұсынымдар» туралы бұйрыққа бекітілген қосымша,
- бақылау сабақтарының, сынақтардың, аралық және қорытынды аттестаттау емтихандарының кестесі.

3. Педагогикалық ұжым басшының бұйрығына, әдістемелік ұсыныстарға, бекітілген кестеге сәйкес студенттердің **аралық аттестаттауын** өткізуді жүзеге асырады.

4. Қашықтықтан білім беру технологияларын пайдалана отырып, білім алушыларды аралық аттестаттау педагогпен анықталатын оқу жұмысының әртүрлі түрлерімен (тесттер, жазбаша жұмыстар, ауызша жауаптар, бейнежазбалар және т.б.) ұсынылуы мүмкін.

5. Аралық аттестаттау пәндері бойынша тапсырмалар өткен бағдарламалық материалға сәйкес болуы және қажет болған жағдайда студенттер үшін қолжетімді болуы тиіс.

6. Аралық аттестаттауға тест тапсырмаларын, жазбаша және басқа да жұмыс түрлерін әзірлеуге пәнді (модуль) жүргізетін педагог жауапты болып табылады.

7. Білім алушылардың аралық аттестаттауын өткізу кезінде оқу жұмысының әртүрлі түрлері қолданылуы мүмкін: тестілеу (Platonus және басқалар), практикалық тапсырма, шығармашылық тапсырма, бақылау жұмысы, сұрау, орындалатын бағдарламалардың бейнежазбасы және басқалар). Оқу жұмысының түрін педагог анықтайды және бөлім отырысында бекітіледі.

8. Аралық аттестаттауға шығарылатын жалпы білім беретін, әлеуметтік-экономикалық, жалпы кәсіптік және арнайы пәндер бойынша бағалар ағымдағы бақылау негізінде қойылуы мүмкін.

9. Қорытынды аттестаттау алдын ала басшы бекіткен кесте бойынша өткізіледі.

10. Онлайн режимінде қорытынды аттестаттау емтихандарын өткізу үшін колледжде қорытынды аттестаттау комиссиясы, біліктілік комиссиясы құрылады, оның құрамы қорытынды аттестаттау басталғанға дейін бір айдан кешіктірмей басшының бұйрығымен бекітіледі.

11. Қорытынды аттестаттауды өткізу студенттің жеке басын міндетті түрде сәйкестендіре отырып және қорытынды аттестаттау комиссиясы мен хатшы тарапынан емтихан өткізу тәртібі мен дайындық рәсімін сақтау үшін тұрақты бақылаумен жүзеге асырылады.

12. Колледж басшысына, басшының орынбасарларына қорытынды аттестаттау емтихандарын өткізу басталғанға дейін педагогтарға арналған педагогикалық кеңес және бітірушілер үшін вебинар өткізу керек.

13. Студенттің емтиханға жалпы уақыты, ауызша сөз сөйлеуді және қосымша сұрақтарға жауаптарды қоса алғанда, 15 минуттан аспайды.

14. Қорытынды аттестаттау емтихандарын өткізудің барлық рәсімі бейнеге жазылады.

15. Қорытынды аттестаттау емтихандарын келесі алгоритм бойынша өткізілсін:

15.1. Концерттік бағдарламаны жеке орындау (0404000, 0407000.), дирижерлеу және хормен жұмыс (0405000), негізгі музыкалық аспап (0108000):

1) емтихан өткізілгенге дейін 3 күн бұрын мектеп бітірушілердің орындалатын бағдарламаның бейнежазбасын сынып жетекшісіне ұсынуы (бейне бір трекпен, 15 минуттан артық емес: жеке куәлігін көрсету, аты-жөнін атау, орындалатын бағдарламаны көрсету, бағдарламаны орындау),

2) емтихан кестесі бойынша комиссия бітірушілердің бағдарламаларын бейнежазбалар бойынша тыңдауы,

3) студенттердің сөз сөйлеулерін комиссияның талқылауы және баға қою.

15.2. «Ансамбльдік орындаушылық» (0404000, 0407000), «Дирижерлеу және оркестрмен жұмыс» (0404000), «Дирижерлеу» (0108000) мамандықтары мен біліктілігінің ерекшелігін, ұжымдардың өнер көрсетуін болжайтын пәндердің ерекшеліктерін ескере отырып, ағымдағы оқу жылының алдыңғы немесе өткен жарты жылдықтағы үлгерім қорытындысы бойынша бағалардың орташа балын және бекітілген кестеге сәйкес пән бойынша бітірушінің берілген шығармашылық мінездемесін қою.

15.3. «Аспапта ойнауды оқыту әдістемесі» (0404000), «Хортану және хормен жұмыс істеу әдістемесі», «Балалар музыкалық тәрбиесінің әдістемесі» пәндері бойынша кешенді емтихан (0405000), Теориялық пәндер бойынша кешенді емтихан, Музыкалық әдебиет бойынша кешенді емтихан, Оқыту әдістемесі бойынша кешенді емтихан (0406000), Академиялық (халықтық, эстрадалық) әндерді оқыту әдістемесі (0407000), Педагогика, Психология және Музыкалық тәрбие әдістері бойынша кешенді емтихан (0108000) онлайн режимінде билет бойынша ауызша өткізу:

1) жеке басын сәйкестендіру және жеке куәлігін көрсету және тегі мен атын дыбыстандыру үшін ZOOM-ге бөлімдердің барлық студенттері немесе студенттер тобының шығуы,

2) бөлімнің ҚА хатшысы түлектерге «кездейсоқ сандар генераторы» көмегімен билет беруді, билетті тіркеуді және оны ZOOM немесе WhatsApp экранында көрсетуді жүзеге асырады,

3) студент емтихан спецификасына және басқа жағдайларға байланысты комиссия белгілеген уақыт ішінде оны жазып, жауапқа дайындалады,

4) дайындық аяқталғаннан кейін студент жауап беретін парақты оған ыңғайлы түрде жібереді, ал хатшы жауапты сақтап, комиссияға танысу үшін ұсынады,

5) студент хатшы тағайындаған уақыт бойынша 15 минут ішінде билетке толық жауап береді (тезистер), бар болса, комиссия сұрақтарына жауап береді,

6) комиссияның студенттердің жауаптарын талқылауы және баға қою.

16. Баға қоюды, даулы мәселелерді шешуді қорытынды аттестаттау комиссиясы дербес жүзеге асырады. Қорытынды аттестаттау қорытындысы колледждің Интернет-ресурсында орналастырылады.

17. Хатшы қорытынды аттестаттау комиссиясының шешімін хаттамаларда ресімдейді, онда қорытынды аттестаттау ҚБТ арқылы өткізілгендігін атап өтеді.

18. Ерекше жағдайларда білім алушылардың іс-әрекетіне байланысты емес өзге де жағдайлар туындаған кезде, оның ішінде шалғайдағы елді мекендерде интернет ресурстары мен коммуникация құралдарына қолжетімділік болмаған кезде қорытынды аттестаттау комиссиясы қорытынды аттестаттау нәтижелерін анықтау бойынша дербес шешім қабылдайды.

Бұл ретте қорытынды емтихандар бойынша осы пәннің ағымдағы және аралық аттестаттау қорытындылары бойынша баға шығаруға жол беріледі.

19. Азаматтардың денсаулығы үшін толық қауіпсіздік жағдайында шектеу карантиндік шаралары алынып тасталған жағдайда, үзілістерде дезинфекциялау шараларын жүзеге асыра отырып, колледжде қорытынды аттестаттау комиссиясының отырысы өткізілуі мүмкін.